

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 13 ақпан N 158. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1263 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру тәртібін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. "Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы N 859 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., 274-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 3

а қ п а н д а ғ ы

N

1 5 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - комиссия) жұмысын ұйымдастыру және оның қызметін реттеу тәртібін анықтайды.

2. Комиссия инвестициялық бағдарламалардың конкурсын өткізу әрі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу саласындағы заңнамасына сәйкес конкурс жеңімпазына жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін оны анықтау мақсатында құрылған тұрақты қызмет ететін орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу саласындағы құқықтық қатынастарды регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін басшылыққа алады.

4. Комиссияның дербес және сандық құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

5. Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысушылардың ішінен жеңімпазды анықтау болып табылады.

6. Комиссияның қызмет саласындағы функциялары:

- 1) конкурстық ұсыныстарды уақтылы және сапалы қарауды қамтамасыз ету;
- 2) тиісті тұлғалар ұсынған конкурстық ұсыныстарды бағалау;
- 3) Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның жұмыс істеу тәртібі

7. Комиссияны төраға басқарады.

8. Комиссия мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен жиі болмай өткізіледі және егер оған комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

9. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлік құзыретті орган ретінде конкурстық ұсыныстарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бір апта мерзімде бұл туралы комиссия төрағасын жазбаша түрде жер қойнауын пайдалану объектілері мен өтініш білдірушілердің тізімін көрсете отырып хабардар етеді. Комиссия төрағасы құзыретті органның хабарламасы негізінде комиссияның мәжілісі болатын күн, орын және уақыт

т у р а л ы

ш е ш і м

қ а б ы л д а й д ы .

10. Комиссия мәжілісінде хатшы төрағаға және мәжіліске қатысушы комиссия мүшелеріне конкурстық ұсыныстар салынған пакетті бір данадан т а р а т а д ы .

11. Комиссия мүшелері алынған конкурстық ұсыныстар салынған пакеттерді ө з д е р і а ш а д ы .

12. Мәжілісте болмаған комиссия мүшесіне комиссия хатшысы мәжілістен кейін үш күн мерзімде, ал ол жұмыс орнында болмаған жағдайда (іссапар, еңбек демалысы және басқа да), ол келгеннен кейін үш күн мерзімде оған конкурстық ұсыныстар салынған конвертті, сондай-ақ осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға кейіннен тіркей отырып, дауыс беру парағын береді.

13. Комиссияның хатшысы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық ұсыныстар салынған пакеттерді ашу хаттамасын ресімдейді. Конкурстық ұсыныстар салынған пакеттерді ашу хаттамасына комиссияның мәжіліске қатысқан барлық мүшелері мен комиссияның төрағасы қол қояды.

14. Комиссияның барлық мүшелері алынған конкурстық ұсыныстарды зерделеп шыққаннан кейін, комиссияның әрбір мүшесі қаралған жер қойнауын пайдалану объектілері жөнінде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парақтарын толтырады. Жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) атауы бар дауыс беру парағын құзыретті орган жасайды және конкурстық ұсыныстар салынған пакеттер ашылғаннан кейін комиссияның барлық мүшелеріне таратылады. Комиссия мүшелері толтырған және қол қойған дауыс беру парақтары комиссияның кезекті отырысында қарау үшін комиссияның хатшысына беріледі және журналда тіркеледі (1-қосымша).

15. Конкурс жеңімпазы туралы түпкілікті шешімді мәжіліске қатысушы комиссия мүшелері дауыс беру парақтарының негізінде қабылдайды. Қаралған жер қойнауын пайдалану объектілері бойынша конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі комиссия мәжілісі аяқталғаннан кейін комиссияның хатшысы осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді. Хаттамаға комиссияның мәжіліске қатысқан барлық мүшелері мен комиссияның төрағасы қол қояды.

16. Комиссия мәжілісіне қатысушы комиссия мүшесі тиісінше тіркелген басқа дауыс беру парағын ұсына отырып, талқылау қорытындылары бойынша комиссияның осы мәжілісінде өз пікірін өзгертуіне құқылы.

17. Комиссияның шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және құзыретті орган мен конкурсқа қатысушылар үшін міндетті с и п а т т а б о л а д ы .

18. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы

ш е ш у ш і

б о л ы п

с а н а л а д ы .

19. Егер конкурсқа қатысушы дауыс берген комиссия мүшелері санының жартысынан артық дауыс алмаған жағдайда, неғұрлым көп дауыс алған екі өтініш беруші бойынша қайтадан дауыс беру өткізіледі.

20. Егер екіден артық өтініші беруші көп дауыс алған жағдайда, конкурстың түпкілікті жеңімпазын анықтау мақсатында конкурс жеңімпаздарының "қысқа тізімі" (аралық тізімі) жасалады.

21. Қаралып отырған объектілердің қайсысы болмасын біреуі бойынша жедел шешім қабылдау қажет болған жағдайда, комиссия конкурстық ұсыныстар салынған конверттер ашылғаннан кейін дауыс беру парағын толтыру және тиісті хаттамаларды ресімдеу жолымен шешім қабылдауға құқылы.

4. Комиссияның құқықтары

22. Комиссияның белгіленген тәртіппен және оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша мынадай құқықтары бар:

1) конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық ұсыныстарды бағалауға, салыстыруға және жеңімпазды анықтауға;

2) конкурсқа қатысушылар берген конкурстық ұсыныстар шамамен тең болған жағдайда олардың конкурстық ұсыныстарын жақсарту жөнінде шешімдер қабылдауға;

3) конкурс жеңімпазын анықтауға;

4) бір ғана өтініш беруші қатысқан жағдайда конкурсты өткізілмеді деп тануға және жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурсынан объектіні алып тастауға немесе қайтадан конкурс тағайындауға;

5) конкурстық ұсыныстарды қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурсқа қатысушылардан олардың конкурстық ұсыныстарына байланысты түсініктемелерді сұратуға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

7) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, өзге тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға;

8) мәжілістерде комиссия мүшелерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жауапты өкілдерін, өзге де тұлғаларды тыңдауға;

9) комиссияның құрамын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

10) конкурстық ұсыныс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жер

қойнауын пайдалану құқығын берудің тәртібінің ережелері сақталмай берілген жағдайда оны қарамауға;

11) қажет болған кезде тиісті салалардағы мамандардың ішінен сарапшыларды тартуға;

12) заңнамада көзделген тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығын алуға өтініш берушіні конкурста жеңімпаз деп тану туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жоюға;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

5. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

23. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде өз қызметін тоқтатады.

1-қосымша

Мәжілісте болмаған комиссия мүшелеріне берілетін конкурстық ұсыныстар мен дауыс беру парақтарын тіркеу және комиссия мүшелерінің толтырылған дауыс беру парақтарын тапсыруын тіркеу журналы

Р/с!Жер қойнауын!Конкурстық!Комиссия !Комиссия !Комиссия !Комиссия
N !пайдалану !ұсыныс !мүшесінің!мүшесінің !мүшесінің!хатшысы.
!объектісінің!берген !аты-жөні !конкурстық!дауыс !ның тол.
!атауы !өтініш ! !ұсынысты !беру !тырылған
! !беруші ! !алғандағы !парағын !дауыс
! ! ! !қолы !алғандағы!беру па.
! ! ! ! !қолы !рағын
! ! ! ! ! !алғандағы
! ! ! ! ! !қолы

2-қосымша

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстық ұсыныстар

салынған пакеттерді ашу
ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

200__ жылғы " __ " _____

Конкурстық комиссия мынадай құрамда

(комиссия мүшесінің аты-жөні, лауазымы)

(комиссия мүшесінің аты-жөні, лауазымы)

(комиссия мүшесінің аты-жөні, лауазымы)

(комиссия мүшесінің аты-жөні, лауазымы)

конкурстық ұсыныстар салынған пакеттерді ашу рәсімін жүргізді.

I. Конкурстық ұсыныстарды мынадай өтініш берушілер ұсынды:

1. Мына объект бойынша _____

(жер қойнауын пайдалану объектісінің атауы)

1) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

2) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

3) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

2. Мына объект бойынша _____

(жер қойнауын пайдалану объектісінің атауы)

1) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

2) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

3) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

3. Мына объект бойынша _____

(жер қойнауын пайдалану объектісінің атауы)

1) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

2) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

3) _____

(өтініш берушінің атауы, ашылған пакеттердің саны)

II. Конкурстық ұсыныстар мен дауыс беру парақтарын қатысып отырған
комиссия мүшелері алды.

III. Комиссияның _____ катыспаған
(комиссияның катыспаған мүшелерінің аты-жөні, лауазымы)
мүшелері үшін 1-тармақта көрсетілген конкурстық ұсыныстар салынған пакеттер
комиссия хатшысына берілді.

Төраға _____
комиссия мүшелері _____

3-қосымша

Дауыс беру парағы

Р/с! Жер қойнауы учаскесінің (блогының)! Конкурсқа қатысушы
N ! атауы, жер қойнауын пайдалану ! жеңімпаздың атауы
! құқығының түрі, пайдалы қазба түрі!

1 .
2 .
3 .
4 .
5 .
6 .
7 .
8 .
9 .
1 0 .
1 1 .
1 2 .
1 3 .
1 4 .

(қолы, күні) (конкурстық комиссия мүшесінің аты-жөні)

Комиссия мүшесі конкурсқа қатысушы жеңімпаздың атауы бағанына өзі
дауыс беретін өтініш берушінің атауын өз қолымен жазады.

4-қосымша

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану
құқығын алуға инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын
өткізу жөніндегі комиссия мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

200_ жылғы "___" _____

Қ а т ы с қ а н д а р :

(комиссия мүшелерінің аты-жөні және лауазымы)

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200_ ж. "___" _____ N __ қаулысына сәйкес өткізіліп отырған Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалар конкурсының жеңімпаздарын а н ы қ т а у .

2. Бірінші мәселе бойынша мыналар сөз сөйледі _____

Конкурсқа қойылған жер қойнауын пайдалану объектілері жөніндегі берілген конкурстық ұсыныстар бойынша қараудың, талқылаудың және комиссия мүшелерінің дауыс беру қорытындыларының (қоса беріледі) негізінде комиссия Ш Е Ш І М қ а б ы л д а д ы :

1. Мына объектілер бойынша Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға инвестициялық бағдарламалар конкурсының жеңімпазы белгіленсін:

1)

(объектінің атауы)

(жеңімпаздың атауы)

Жеңімпаздың конкурстық ұсынысы қоса беріледі.

2)

(объектінің атауы)

(жеңімпаздың атауы)

Жеңімпаздың конкурстық ұсынысы қоса беріледі.

(о б ъ е к т і н і ң а т а у ы)

(жеңімпаздың атауы)

2. Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ресми баспасөз органында конкурстың қорытындыларын жарияласын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі _____ тармақтың _____ тармақшасында анықталған конкурстың жеңімпаздарымен белгіленген тәртіппен

_____ арналған
(пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге,
бірлескен барлау мен өндіруге)
келісім - шарт жасалсын.

4. Мына объектілер бойынша конкурс жеңімпаздарының аралық тізімі анықталсын:

1) _____

(о б ъ е к т і н і ң а т а у ы)

(аралық жеңімпаздардың атауы (қысқа тізім)
2)

5. _____ тармақтың _____ тармақшасында белгіленген конкурстың аралық жеңімпаздарынан конкурстық ұсынысқа қатысты қосымша ақпарат сұраталсын.

6. _____ тармақтың _____ тармақшасында баяндалған объектілер бойынша конкурстың түпкілікті жеңімпаздары комиссияның 200_ жылғы "___" _____ мәжілісінде анықталсын.

7. Мына объектілер бойынша конкурс өткізілмеді деп танылсын:
1)

(о б ъ е к т і н і ң а т а у ы)

(н е г і з)

2)

8. Мына объектілер конкурстан алынсын:

1) _____

_____ (объектінің атауы)

_____ (негіз)

2 _____)

9. Мына объектілер бойынша қайталама конкурс тағайындалсын:

1) _____

_____ (объектінің атауы)

_____ (негіз)

2 _____)

10. Құзыретті органға бір ғана өтініш беруші болуына орай

_____ (өтініш берушінің атауы)

келіссөздер негізінде және өтініш беруші конкурстық ұсыныста жасаған ұсынысына қарағанда Қазақстан Республикасы үшін пайдалылығы кем емес шарттарда _____

_____ (объектінің атауы)

арналған келісім-шарт жасасу ұсынылсын.

11. Комиссия _____

_____ (өтініш берушінің атауы)

_____ объект бойынша қосымша

_____ (объектінің атауы)

сұратуды шешті.

_____ (ақпарат)

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____